



№30 (8970),
жұма, 04 тамыз
2023 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

МСМ НАҚТЫ ҚАЖЕТТІЛІКТІ АНЫҚТАУ ҮШІН ӨНДІРІСІНДЕГІ СПОРТ НЫСАНДАРЫНА ТҮГЕНДЕУ ЖҮРГІЗЕДІ



Мемлекеттің дене шынықтыру мен спорт саласына қатысты қоғам алдында екі негізгі міндеті бар. Ол ел тұрғындарының дене шынықтырумен айналысуына жағдай жасау және жоғарғы жетістіктер спортын дамыту. Бұл туралы ҚР Премьер-Министрі Әлхан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов мәлімдеді. Сондай-ақ күн тәртібіндегі мәселеге қатысты Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды баяндама жасады.

Оның айтуынша, бұқаралық спорттың негізгі төрт ерекшелігі бар. Біріншісі, дене шынықтырудың барлық жас санатындағы азаматтар үшін қолжетімді болуы. Екіншісі, барлық жас санаты үшін үздіксіздігі және өзара сабақтастығы. Үшіншісі, спорттық жетістіктің болмауы, яғни, «Бастысы – жеңіс емес, қатысу» қағидасы. Төртінші ерекшелігі – арнайы дайындықтың қажет етілмеуі.

Қазіргі таңда Министрлік жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп бұқаралық спортты дамыту бойынша бірқатар жұмыстар атқарып отыр. Республикада жыл сайын 1,2 млн адамды, оның ішінде ауылдық жерлерде 500 мың адамды қамтитын, әртүрлі деңгейдегі 25 мыңнан аса спорттық-бұқаралық іс-шара тұрақты түрде өткізіледі. Әсіресе, соңғы жылдары жүгіру, марафондар, велосипед, спорттық фестивалдар, отбасылық жарыстар, жаппай сырғанау сынды іс-шаралар танымал бола бастады.

«Осы орайда, дене шынықтыру және спортпен шұғылданатын азаматтардың ауқымын кеңейтудің маңызды бір құралы Президенттік тестілерді тапсыру болып табылады. Мысал ретінде 2020 жылдан бастап, ел бойынша мұндай тестілерді тапсыруға 7,6 миллион адам қатысты. Атап айтқанда, 2020 жылы – 1,2 млн адам, 2021 жылы – 2,6 млн адам, 2022 жылы – 3,8 млн адам тапсырған болатын. Нәтижесінде, бүгінгі күні елімізде дене шынықтыру және спортпен айналысатындардың саны халық санының 38,5%-ын (7,5 млн-нан астам адамды) құрайды. Сонымен қатар балалардың бұқаралық спортпен және дене шынықтырумен тұрақты шұғылдануына жіті назар аударылады», — деп атап өтті министр.

Оның мәліметінше, осы мақсатта республикада балалар мен жасөспірімдердің 800-ден астам клубы қызмет көрсетеді. Оқу-ағарту министрлігінің желісі бойынша 2022-2023 оқу жылында қосымша білім беру бағдарламасы бойынша мектептерде 49 мыңнан астам спорт үйірмесі жұмыс істеп,

оған 1,3 млн-ға жуық бала қатысты. Сонымен қатар биыл еліміздегі бұқаралық спортты дамыту және саламатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған дене шынықтыру мен спортты дамыту тұжырымдамасы бекітілген. Тұжырымдамада нақтыланған көрсеткіштерге, қойылған нәтижелерге қол жеткізу мемлекеттік әлеуметтік саясаттың құрамдас бөлігі – дене шынықтыру мен спорттың дамуына қолайлы жағдай жасауға мұмкіндік беретін болады.

Өз кезегінде Дархан Сатыбалды тұрғындарды спорттық инфрақұрылыммен қамту үшін облыста 79 мың шаршы метр спорт залдары мен 8 мың шаршы метр бассейндер салынғанын мәлімдеді. «Дені сау ұлт» ұлттық жобасы аясында Мәдениет және спорт министрлігінің ұсынған жоспарына сәйкес, 6 айдың нәтижесі бойынша спорттық инфрақұрылыммен қамту көрсеткішінің нақты орындалуы 31%-ға жетіп, жылдық жоспар толығымен орындалып отыр. Спорттық инфрақұрылымды дамыту мақсатында облыста бірнеше ірі спорт нысаны салынды. Атап айтқанда, Халықаралық Теннис орталығының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Түркістан қаласында Мұз сарайының құрылысы жүргізілуде, нысанды тамыз айында пайдалануға беру жоспарланып отыр», — деді өңір басшысы.

Сонымен қатар құрылысы келесі жылға өтпелі Бекзат Саттарханов атындағы спорт кешенін күрделі жөндеу және Ескек есу каналын салу жобалары жүзеге асырылып жатыр. Аталған нысандардың құрылыс жұмыстарына аяқтап, мерзімінде пайдалануға тапсыру үшін Қиғыз министрлігімен бірлесіп, тиісті жұмыстар атқарылып келеді. Жұдасын бөлек, «Ауыл – Ел бесігі» жобасының аясында 18 елді мекенде жалпы аланы 22,5 мың шаршы метрді құрайтын 18 спорт залы мен дене шынықтыру кешендерінің құрылыстары жүргізіліп жатыр.

Оның ішінде, 3 мың шаршы метрді құрайтын 4 нысан жыл соңына дейін пайдалануға беріледі, қалғандары келесі жылға қалдырылды. «Бюджеттік қаражаттардан бөлек, спорттық инфрақұрылыммен қамту жұмыстарына жеке инвесторлар тартылып отыр. Жыл басынан бері 20 нысан жеке инвестициялар есебінен салынып, пайдалануға берілді. Жылдың соңына дейін жеке кәсіпкерлер есебінен қосымша 10 нысанды пайдалануға беру жоспарланып отыр. Одан бөлек, спорт инфрақұрылымын аса қажет ететін ауылдардан спорт нысандарын салу бойынша арнайы жол картасы әзірленді. Жалпы, ауылдық жерлерде спорт нысандарын қажет ететін 96 елді мекен анықталып отыр», — деді Дархан Сатыбалды.

Келтірілген мәліметке сүйенсек, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының есебінен бұл елді мекендерде тез салынатын модульдік спорт құрылыстарын қаржыландыру мәселесі пысықталуда. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде, биыл спорттық инфрақұрылыммен қамту деңгейін 32,7%-ға, келесі жылы 38,4%-ға дейін жеткізу жоспарланып отыр. Өңірде спорттық инфрақұрылыммен қамту бағытындағы жұмыстар өз жалғасын табатын болады. Бұл жұмыстар әкімдіктің тұрақты бақылауында.

Асхат Ораловтың мәліметінше, еңбеккерлер мен зейнеткерлер арасында кешенді спорттық іс-шаралар өткізілмейді. Аталған лигалардың ауқымын кеңейтіп, әлеуетін күшейтіп, жаңа деңгейге көтеру үшін ағымдағы жылдан бастап Мәдениет және спорт министрлігі орталық және жергілікті атқарушы органдармен, сондай-ақ кәсіподақтармен лигаларды бірлесе

СЕРІК ЖҰМАНҒАРИН АУҒАНСТАННЫҢ САУДА ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІП МИНИСТРІМЕН САУДА ЖОЛДАРЫН ДАМУЫ ЖӘНЕ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫН ТАЛҚЫЛАДЫ



2023 жылғы 2 тамызда ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – сауда және интеграция министрі Серік Жұманғарин мен Ауғанстанның сауда және өнеркәсіп министрі Алхадж Нүриддин Азизи ынтымақтастықтың негізгі аспектілерін талқылады.

Серік Жұманғарин сәуір айында Кабулға сапары кезінде тараптар арасындағы тауар айналымының көлемін \$1 млрд-тан \$3 млрд-қа дейін ұлғайту міндетін қойғанын атап өтті.

«Ауғанстанға жөнелтілетін қазақстандық экспорттың 90%-ы өңделген өнім. Қазірдің өзінде біз сауда номенклатурасының кеңейгенін байқаймыз. Ұн мен бидай сияқты дәстүрлі өнімдерден басқа отандық металл, минералды тыңайтқыштарды, бидай мен зығырды жеткізу басталды. Қазақстандық компаниялардың Кабулға соғытындығы бойынша біздің энергетикалық сусындарымыз, ұн өнімдері, минералды тыңайтқыштардың алғашқы жөнелтілімі болды, күнбағыс майына да қызығушылық бар. Ауғанстаннан импортта ауылшаруашылық өнімдерімен қатар тоқыма бұйымдары пайда болды. Белсенділік танытатын жұмыс бағытымыз бар», — деді Серік Жұманғарин.

Ұнтымақтастықты жандандыру үшін ауған тарапына Герат қаласындағы Қазақстанның сауда үйінің әлеуетін пайдалану және Қазақстанда өзінің сауда өкілдігін ашу ұсынылды.

Қездесуге қатысушылар қолданыстағы сауда жолдарын дамыту, Ауғанстан және оның аумағы арқылы тауарларды жеткізудің баламалы бағыттарын құру мүмкіндіктерін талқылады. Атап айтқанда, бұйынша Галаба станциясы арқылы Ауғанстанға астық пен ұн тасымалдау кезінде теміржол тарифіне 20% жеңілдік қолданылады. Бұл ретте, қолданыстағы жеңілдікті ескере отырып, қазақстандық астық жүктерін Өзбекстан аумағы бойынша Ауғанстан мен Тәжікстан бағытында тасымалдауға арналған тарифтер айтарлықтай

жоғары болып табылады. «Ауғанстанға тауарларымыздың экспортын ұлғайту үшін біз Түркіменстан аумағы арқылы Баламалы және неғұрлым тиімді бағытты пысықтап жатырмыз. Біздің теміржол компаниямыз Тургундидің түрікмен-ауған өткелі арқылы Түркіменстан аумағы бойынша транзиттік тарифке қолда бар 30%-ға 10% мөлшерінде қосымша жеңілдіктер беру мәселесін пысықтады», — деп жалғастырды Серік Жұманғарин.

Қазіргі уақытта Трансауған бағытында жүктерді тасымалдау режимі жеңілдетілді. Алайда осы бағытты пайдаланудың проблемалық аспектілерінің бірі – сусымалы жүктерді тасымалдаудың жоғары құны. Осы бағыт бойынша жеткізілім көлемін ұлғайтудың өзара пайдасын ескере отырып, кездесуде қазақстандық тарап ауған тарапынан қазақстандық сусымалы жүктерге тарифтерді \$200 дейін төмендету мәселесін қарастыруды сұрады.

Қазақстан отандық компаниялардың Ауғанстанда, әсіресе көлік, тау-кен, телекоммуникация және ауыл шаруашылығы салаларында іске асырылатын басқа да экономикалық жобаларға қатысуын қарастыруда. Атап айтқанда, биыл сәуір айында қазақстандық делегацияның Кабулға сапарынан кейін «Қазақтелеком» АҚ Ауғанстанға коммерциялық негізде талшықты-оптикалық интернетті жеткізуге ауған тарапымен келісімшартқа қол қойды.

Қазақстан мен Ауғанстан білім беру бағытында да ынтымақтасады. Бүгінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ауғанстанның 130 студенті білім алуда. Жыл сайын оқуға 30 адам қабылданады. Серік Жұманғарин қызығушылық танытқан жағдайда Қазақстанда Ауғанстандан келген студенттердің санын көбейтуді ұсынды.

Анықтама: 2005 жылдан бастап Ауғанстаннан Қазақстан экономикасына инвестициялар ағынының жалпы көлемі шамамен \$11,7 млн құрады. Қазақстан аумағында 52 бірлескен кәсіпорын, басым бөлігі сауда саласында жұмыс істейді.

ҚР ЖОҒАРЫ, ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК, ОРТА БІЛІМНЕН KEЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ КҮНДІЗГІ БӨЛІМДЕРІНДЕ ОҚИТЫН МҰҚТАЖ АЗАМАТТАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК КӨРСЕТУ



Ескелді аудандық мәслихатының 2018 жылғы 30 қаңтардағы «Ескелді ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» № 25-165 шешіміне сәйкес- табыстарын есепке алмай Қазақстан Республикасының Жоғары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының күндізгі бөлімдерінде оқитын жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік

Өмірде қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан уәкілетті органға немесе ауыл, ауылдық округтің әкіміне мынадай құжаттармен:

- 1) жеке басын куәландыратын құжатпен;
 - 2) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтермен;
 - 3) өмірде қиын жағдайдың туындағанын растайтын актімен және/немесе құжатпен қоса өтініш береді.
- Адамның (отбасы мүшелерінің) табысына қарамастан тағайындалатын әлеуметтік көмекті алу үшін адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтер ұсынылмайды.
- Салыстырып тексеру үшін құжаттардың төлнұсқалары ұсынылады, содан кейін құжаттардың төлнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

А.БЕЙСБАЕВ,
Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысы

МЕТОДЫ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ КОРРУПЦИИ



В настоящее время коррупция является одной из основных проблем современного общества, напрямую влияющей на уровень жизни и достаток граждан. Ни одно государство в мире полностью не искоренило коррупцию, удаётся лишь снизить ее уровень. Отрадно, что наше государство активно борется с данным социальным злом, ярким подтверждением этому являются меры, принимаемые для ее снижения.

Коррупция – одна из важнейших угроз национальной безопасности государства, наряду с терроризмом и снижением уровня обороноспособности страны. Неспроста данному вопросу уделяется особое внимание со стороны Президента Республики Казахстан и Правительства. Стоит отметить, что указом президента от 2 февраля 2022 года за № 802 утверждена Концепция антикоррупционной политики Республики Казахстан на 2022 - 2026 годы. С момента принятия Антикоррупционной стратегии

Республики Казахстан на 2015-2025 годы, проведена колоссальная работа по минимизации коррупции в нашем государстве.

Так, Законом РК «О государственной службе Республики Казахстан» обеспечен переход к «карьерной» модели государственной службы, внедрены принципы меритократии через механизмы открытого конкурсного отбора, продвижения на основе компетентности. Сокращены условия для командных перемещений, фундаментально пересмотрена система оценки эффективности государственных служащих, проведено апробирование новой системы оплаты труда в зависимости от результатов работы. Введение новой системы оплаты труда для государственных служащих весьма положительно сказывается на формировании нулевой терпимости к коррупционным правонарушениям.

Стоит отметить, что для противодействия коррупции активно используется потенциал общественности, усилен общественный контроль, представленный целым рядом неправительственных организаций. При Агентстве по противодействию коррупции созданы Специальные мониторинговые группы, которые состоят из представителей общественности, главная их цель - оценка реализации Антикоррупционной стратегии.

Одним из важнейших факторов противодействия коррупции является автоматизация бизнес-процессов. Государственная программа «Цифровой Казахстан» призвана создать удобства для получения государственных услуг казахстанцев, а также исключить прямой контакт при обращении в государственные органы. На сегодняшний день получить государственную услугу можно по принципу «одного окна», достаточно обратиться в центры обслуживания населения либо через Портал Электронного Правительства (www.egov.kz).

Помимо профилактических мер, также усилена ответственность за коррупцию и обеспечение неотвратимости наказания. Введен пожизненный запрет на трудоустройство на государственную службу и в субъекты квазигосударственного сектора для лиц, совершивших коррупционные преступления.

Введен институт персональной ответственности руководителей государственных органов, организаций, субъектов квазигосударственного сектора за коррупцию подчиненных. Искоренение коррупции в государстве положительно сказывается на всех сферах жизнедеятельности: здравоохранение, образование, социальное обеспечение и т.д.

Противостоят этому недугу – обязанность каждого гражданина страны!

А.БАБАЕВА,
Главный специалист
Ескельдинского районного управления СЭК

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді және тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес.

Стратегияның мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа кез-келген жемқорлықтың туындауына «нөлдік» төзімділік таныту атмосферасын құру жолын қолдану арқылы барлық қоғамды тарту, сондай-ақ Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады.

Стратегиямен белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басты бағыттары мынадай:

- мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар қолдану;
- қоғамдық бақылау институттарын енгізу;
- мемлекеттік сынайлы және жеке меншік секторларында сыбайлас

жемқорлыққа қарсы әрекет жасау; -құқық қорғау және сот органдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселесі бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Осы бағыттар шеңберінде «сыбайлас жемқорлық» ұғымын қайта құрастыруға және жемқорлық құқық бұзушылықтар арасына нақты шек қоюға, мемлекеттік тіршілігіне азаматтық бақылау жүйесін құру және енгізуге мүмкіндік беретін, сондай-ақ азаматтардың көпшілік ақпаратқа еркін рұқсат алуын қамтамасыз ететін «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы», «Қоғамдық бақылау туралы», «Көпшілік ақпаратқа рұқсат туралы» жаңа заңдар дайындалып, қабылданатын болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат шын мәнісінде, бөлек пара алушыларға қарсы күреске қарағанда әлдеқайда кең. Қылмыстық қудалау немесе заңнаманы жетілдіру шараларымен ғана жағдайды өзгертуге болмайды.

Ескелді аудандық қазынашылық басқармасы ұжымы да осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты ұстанады және жұмыс барысында басшылыққа алады.

А.БАШАБАЕВА,
Ескелді аудандық Қазынашылық басқармасының Басшысы

ҚАЗАҚ ҚОЛӨНЕРІ АҒАШ БҰЙЫМДАР



Ескелді ауданы, Қаратал ауылында тұратын Мақай Манапхан қазақтың қолөнерін ағаш бұйымдарынан қызығушылық ретінде айналысады. Мақай Манапхан 1979 жылы ҚХР-да дүниеге келген. 2015 жылдан бастап қызығушылық таныта бастаған. 2019 жылы Қытайдан Қазақстанға қоныс аударған. Қазіргі таңда өзінің ауылында ағаш бұйымдарынан домбыра, астау, т.б көптеген заттарды жасайды.

Ағаш бұйымдары

Қазақтың ұлттық қолөнерінде ағаштан көптеген заттар жасалады. Балташылар, ағаш ұсталары, ершілер қайыңды, үйеңкіні, үйшілер, ағаш ойып, шыбық өріп тоқушылар талды пайдаланады. Балташылар үй борады, еден төсеп, арба, шана, жақтау, қақпа, тіреу сияқты ірі заттарды істейді. Ағаш ұстасы стол, шаф, сөрке, орындық, кебеже, асадал, рамалар жасайды. Ағаш оюшылар оны жонып күйдіреді де бояулап өрнектейді. Шыбық өрушілер, тоқушылар қамыстан, шидан қорал, шыпта, орындық, шарбақ сияқты заттарды өреді. Бұл жұмысқа бұтасыз, оқырасы жоқ, таза ағаш таңдап алы-

нады. Ағаш шеберлері балта, пышқы, үстірік (сүргі), бұрғы, ағаш түрпісі, тез, қысқы, үскі, қашау сияқты аспаптарды пайдаланады. Бұлардан басқа түрлі өлшеуіш пен үлгі, біз, қырғы, желім, бояу сияқты көмекші құралдары да болады.

Ағаштан бұйым жасайтын шеберлер: емен, қайың, самырсын, үйеңкі, қызыл қарағай, шынар, қара ағаш, ырғай, шығрай, тасжарған, мойыл, қайыңның түбірі (безі), жеке, тал, арша, жаңғақ ағашы, май қарағай сияқтыларды пайдаланады. Бұлардың бірі қатты, бірі жонуға оңай, біртұтыр, ал кейбіреуі жарылмайтын, қаңсымайтын болса, енді кейбіреуі иілгіш, жеңіл, су сіңбейтін бірақ бөяу сіңгіш, желім ұстағыш болады. Әрбір істің ерекшелігіне қарай әр түрлі сападағы ағаштар пайдаланылады.

Қазақ халқы өзінің күн көріс тіршілігіне қажетті үй-жай салуды, киім-кешек тігуді, азық-түлік өндіруді өзінің тұрмыстың кәсібі етіп, оларды күнбе-күнгі тіршілік барысында орындай пайдаланады, өсем бұйымдар жасап, өмірде сән-салтанат та құра білді. Халықтың қолөнеріне әдет-ғұрып жабдықтарымен қатар, аң аулауға, мал өсіруге және егіншілікке қажетті құрал жабдықтар да кіреді. Киіз үйдің сүйегі, ағаш керует, кебеже, сандық жасап, кілем, сырмақ, алаша, ши, түрлі бау-басқұрлар тоқып, арқан, жіп есіп, көннен және илеулі теріден қайыс, таспа тіліп, өрім өріп, қолдан әр алуан ыдыс-аяқ, адалбақан, асадал, бесік және т. б. көптеген заттарды халық шеберлері, өнерпаздар өз қолдарымен жасады.

Ескелді аудандық «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы

«АСАР» - ОҢАЛТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЖАБДЫҚТАР



«Асар» оңалту орталығы - еліміздің түкпір-түкпірінен күрделі жарақаттардан кейін сапалы және тез қалпына келу үшін келетін орын. Білікті мамандар мен жоғары стандартты жабдықтар пациенттерге мүмкіндігінше тезірек аяққа тұруға көмектеседі.

Орталық омыртқа жарақаттарынан, инсульттан кейін, грыжа, протрузия және церебральды сал ауруына шалдыққан балаларға оңалту қызметтерін көрсетуге мамандандырылған.

Орталықтағы емдеу омыртқа мен буындарға жүктемені азайтуға, бұлшықет тепе-теңдігін қалпына келтіруге, тамақтануды жақсартуға, буынның шеміршек тінін күшейту мақсатында арнайы дайындалған 25-тен астам тренажерларда емдік дене шынықтыру арқылы бұлшықеттің біркелкі дамуына бағытталған.

Дәрігердің жолдамасы мен көрсеткіштер болған жағдайда емдеуге жатқызу бюросы арқылы орталықта МӘМС шеңберінде оңалтудан өтуге болады. Бүгінгі таңда 2000-нан астам адам

оңалтудан өтті, оның ішінде 150-ден астам адам аяққа тұрды, 400-ден астам адамның қозғалыс функциялары жақсарды. Қазіргі уақытта 30 науқас емделуде.

Махамбет Серікқалиев «Асар» орталығына еліміздің батыс өңірінен келген. Спорттық жарақаттан кейін оған жұлынның травматикалық ауруы диагнозы қойылды.

«Алғаш рет «Асарға» оңалтуға 2021 жылы келдім. Қазіргі уақытта мен оңалтудың үшінші кезеңінен өтудемін. Орталық мамандары мен қарқынды жаттығулардың арқасында мен қазір денемді тік ұстап, аяққа тұрып, жақсы нәтижелерге қол жеткіп келемін» - дейді ол.

«Науқас біздің орталыққа келгенде аяқтарында қозғалыс жоқтығына шағымданған еді. Ал бүгінгі күні серпінді жаттығулардың арқасында жалпы жағдайдың жақсарғаны байқалады, пациенттің қозғалыс белсенділігі артты, статика мен динамика жақсарды, бел ауруында регрессия бар, жүктемелерге төзімділік, аяқ - қолдардағы күші артты»,- дейді реабилитолог дәрігер Ғалия Шыңғысқызы.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры»
КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

ТІЛ ҰЛТТЫҒЫ ЖАЙЫ

Бүгінде өзегіңді өртейтін өзекті мәселелер өте көп, соның бірі әлі күнге шешімін таппай келе жатқан тіл мәселесі. Және барлық мәселелердің түп негізі осы тіл деп білемін. Тіл – ұлттың жаны. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның «Біз өз жерімізді қазақша сөйлеп ғана құтқара аламыз» деген сөзінің жаны бар. Оның бір дәлелі ұлт мүддесі қашан да сынға түскен сәтте қашатпайды, ұлт жанашырлары ғана басын бәйгеге тігетіні жасырын емес.

Сондықтан тіл мәселесі туралы барлығы жазып, айтып жүр. Тіл туралы заңдағы қостілділіктің кесірінен қазақ тілінің тұғыры болмай тұр.

Тіл тағдыры бүгін шешілуі керек еді. Мемлекеттік тіл біреу ғана. Ол – қазақ тілі. Қазақ тілін халықаралық, ғылым, технология тіліне айналдыратын уақыт жетті.

Үйткені тіл арқылы ғана біз халқымызды, Отанымызды танып білеміз. Әр адам өз халқын, өз ана тілін қалай білуімен өлшенбек. Әркімнің тілге деген құрметін өз ұлтына, өз Отанына деген құрметінен білуге болады. Өз тілін ұмытқан адам – өз елінің өткенінен де, болашағынан да қол үзеді. Осыны Қазақ тілін менсінбей жүргендермен жастарымыз түсінсе екен деймін...

САЛҚИМАР

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫС-ҚИМЫЛ



Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік құрылымдардың экономика аясында қылмысты құрылымдармен біте қайнасуы, сондай-ақ мемлекеттегі лауазымды адамдардың, қоғамдық және саяси қайраткерлердің сатылғыштығы, парақорлығы. Өзінің қызметтік мәртебесі мен өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де бейқызметтік мүдделер үшін пайдалану жолымен жеке игіліктерді алу әрекетінен көрініс табады.

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы - адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі» деп түсіндіріледі.

Яғни, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті дегеніміз, ол сол тұлғаның қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы білімін қамтитын қасиеті. Ол индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлықты төзбеуі ғана емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы болып табылады.

Қазақстан Республикасының әр азаматы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыра білсе еліміздің дамуы бұдан да биік дәрежеге көтерілетіні хақ. Жалпы, кез-келген қызметкер өз отбасында, әріптестерінің арасында осы бір қағидаларды ұран қыла білсе, бұл індеттің түбімен жойылатыны анық.

Сыбайлас жемқорлықты түп-тамырымен жоюға бағытталған, жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік ахуалын қалыптастыру және алдын алу шараларын күшейту қажеттігін түсіне отырып, елде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудағы сот жүйесінің рөлі аса маңызды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейі қалыптасып, қоғам мен мемлекет арасында тығыз байланыс орнаған жағдайда ғана сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нәтижелі болады.

Әрбір қоғам дамуының жақсы жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуалының жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту - әрқайсымыздың азаматтық борышымыз болып табылады.

С.КАЛИЕВ,

ҚР АШМ ВБжҚК Ескелді аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы

ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰҒЫРЫМЫЗДЫҢ БАСТАУЫ



Өткен жылы қазақ елінің егемендігі сыналып, тәуелсіздік тағдыры сыңға түскен қайғылы жағдай бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Мемлекет басшысы қабылдаған батыл саяси шешімдер арқасында ғана ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ете алдық. Қабылдаған шешімдер тарихи маңызы да, мемлекеттілігіміз үшін мәні де ерекше зор болды.

Президентіміз атап көрсеткендей, ендігі басты мақсат – келешекте мұндай қайғы-қасіретке жол бермеу, қоғамда қордаланған саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани салалардағы мәселелерді шешу. Бұлардың барлығы, түптепкелгенде, адамның өмірі мен денсаулығы, қауіпсіздігі, құқықтары мен бостандықтары, өмір сүру сапасы мен деңгейі сияқты конституциялық тұрғыда бекітілген ең жоғарғы құндылықтар мен қағидаттарды қамтиды.

Қаңтардағы халық толқуы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың нашарлауынан, инфляция мен жаппай қымбатшылық, әлеуметтік әділетсіздік сияқты қарапайым халықтың өміріне тікелей қатысты себептерден бастау алғандықтан, Мемлекет басшысы ұлттық экономиканы қайта құруға бағытталған міндеттер қойып, үкіметке нақты тапсырмалар берді.

Әсіресе атап айтар болсақ, мы-

надай өзекті мәселелер барша халықтың көкейінде жүрген болатын:

- еркін бәсекелестікке жол ашу, кәсіпкерлікке тұсау болып отырған қағазбастылық пен жемқорлықты жою, отандық бизнеске қолдау көрсету;

- мемлекеттік сатып алу саласын реттеу, бюджеттік қаржы-қаражатты талан-таражға салуды тоқтату;

- ауыл шаруашылығын қайта құру, еңбек өнімділігін арттыру;

- негізсіз салынатын салықтар мен қайда кетіп жатқаны түсініксіз төлемдерді жою

- халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау, ішкі стихиялық көші-қонды реттеу т.б. өзекті мәселелерді көтерді.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік саясатына елеулі ревизия жасау жөніндегі алға қойған міндеттері халықтың ұмтылысын көрсетеді. Ел Президентінің саяси еркі оған Парламентпен және премьер-министрмен ашық сөйлесуге мүмкіндік берді. Мемлекеттік саясаттың осындай бағытынан кейін кез келген бояма мен жалтаруға жол берілмейтіні анық. Мысалы, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев утилизациялық алымның мөлшерлемесін қайта қарау және оны жинау бойынша мемлекеттік операторды айқындау туралы берген тапсырмасы. Бұл тура-

лы жеке автокөлік, ауылшаруашылық техникасы мен жүк көлігі иелері ұзақ уақыт бойы айтып келген болатын.

Сонымен қатар елімізде әлеуметтік әділеттілікті орнатуға игі ықпал ететін «Қазақстан халқына» атты қор құру туралы ұсыныс жасап, Президентіміз ол қорға ұлттық компаниялардың, олигархтар мен қаржы-өндірістік топтардың жыл сайын арнайы жарна төлеуін міндеттеуді тапсырды.

Бұл қордың қаржы-қаражаты көмекке зәру қарапайым қазақстандық азаматтардың мұқтаждықтарын өтеуге жұмсалып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті еліміздің алдағы кезеңдегі жаңа экономикалық саясаты, ең алдымен, барлық қазақстандықтардың өмір сүру деңгейін мен әл-ауқатының жоғары деңгейін қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс екенін үнемі айтып отырады. Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қазақстан даму банкінің форматын елдегі шағын және орта бизнесті дамытуға жәрдемдесу, білім беру саласы қызметкерлеріне жағдай жасау, техникалық саладағы ЖОО-ларды ашу арқылы болашақ инженерлер мен технологтарды даярлауға көңіл бөлуді жүктеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қабылдаған шешімдері, мемлекеттік билікке берген тапсырмаларының іс жүзінде шынайы орындалуы еліміздің жандануына, орын алған олқылықтарды еңсеруге, жаңаша дамуға жол ашары сөзсіз.

Д.КАРИПОВА,
«Ескелді ауданының әйелдерді қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы

АБАЙЛАҒЫЗ - ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАР



Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 291 интернет алаяқтық фактілері тіркелді, бұл республика аумағында 9 545 тіркелген алаяқтықтың жалпы санының 1,1 % құрайды.

291 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдықорған қаласы - 235, Текелі қаласы - 11, Ақсу - 1, Алакөл - 5, Ескелді - 9, Кербұлақ - 2, Көксу - 3, Қаратал - 13, Панфилов - 10, Сарқан - 2. Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады; елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. А. арызы бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.

Көбінде Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді,

карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қонырауларды пайдаланады, өткені WhatsApp қонырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайттары пайдалану арқылы да жасалады.

Әлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте», арқылы мүлкі сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ІІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

ІІМ негізгі ұсынымдары:

- Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары

қызметкерлерінің несие беру, мүлкі сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.

- Өзінің дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етеміз.
- Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбегеніз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.
- Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.
- Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.
- Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келуі мүмкін.
- Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруды, яғни 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.
- Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

Ернұр БЕКТҰРСЫНОВ, ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша басқармасының қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалаптастыру аға прокуроры

ОСТОРОЖНО: ИНТЕРНЕТ МОШЕННИКИ!

С момента образования области Жетісу зарегистрировано 291 фактов интернет мошенничества, что составляет 1,1% от общего количества мошенничества, зарегистрированных на территории Республики (9 545).

291 фактов интернет мошенничества в разбивке по регионам: г.Талдықорған-235, г.Текелі - 11, Ақсуский - 1, Алакольский - 5, Ескельдинский - 9, Кербулакский - 2, Коксуский - 3, Каратальский - 13, Панфиловский - 10, Саркандский - 2.

В основном данный вид преступления совершается с использованием со-товых телефонов.

Мошенники используют различные способы получения необходимых персональных данных граждан для доступа к банковским сведениям: представляются высокопоставленными сотрудниками полиции, направляя на мессенджер WhatsApp заранее подделанные, подтверждающие документы: служебные удостоверения, постановления о возбуждении досудебного расследования, заверенные гербовой печатью, представляются сотрудниками финансовых отделов различных банков.

К примеру, Управлением полиции г.Талдықорған расследуется досудебное расследование по заявлению гр. А. по факту незаконного оформления на нее онлайн денежного кредита и завладению ими.

Далее, они вводят Вас в заблуждение о том, что на Вас оформлен кредит и просят сообщить сведения по банковской карте: номер карточки, CV код, расположенный на обратной стороне банковской карты.

Зачастую мошенники используют звонки на мессенджер WhatsApp, поскольку звонки в WhatsApp трудно отследить, так как данные лица могут находиться как внутри страны, так и за ее пределами.

Интернет мошенничества совершаются также с использованием интернет сайтов: «Колеса», «Крыша», «OLX».

Через социальные сети: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте» при публикации объявлениями о продаже имущества. При этом мошенники наиболее часто используют очень низкую стоимость дорогих вещей, привлекая таким образом покупателей.

В настоящее время в связи с активизацией данного вида преступлений органами полиции принимаются меры

направленные на предотвращение совершения данного вида преступлений. МВД начал рассылку SMS уведомлений предупредительного характера о мошеннических действиях преступников.

Органы полиции Республики призывают граждан быть бдительными и придерживаться основных мер предосторожности.

Основные рекомендации МВД:

- Ни в коем случае не следовать так называемым «телефонным инструкциям работников банков или правоохранительных органов об оформлении кредитов, продаже имущества и переводе своих денег на безопасные счета, либо оформлении займов. Правоохранительные органы не проводят специальных операций по телефону.
- Никому не сообщать свои персональные данные, реквизиты пластиковых карт, не передавать квитанции о переводах, и тем более коды и кодовые слова даже лицам, представляющими сотрудниками банка, полиции и т.д.
- Не доверять персональные данные неизвестным и непроверенным сайтам и другим источникам. Без проверки не производить предоплату. Пробовать договориться об оплате после получения товара. Такие услуги предоставляются к примеру Казпочтой.
- Не осуществлять переводы по сомнительным сделкам, остерегаться финансовых схем без прозрачного источника дохода.
- Для установки приложений пользоваться только официальными источниками App Store, Play Market и т.д.
- Не переходить по ссылкам, которые направляют якобы для оплаты либо данные могут содержаться в СПАМ рассылках от неизвестных контактов или в сплывающих окнах. Часто мошенники предлагают для оплаты перейти по ссылке, которая на самом деле является фишинговой.
- Регулярно менять пароли доступа к услугам банкинга, использовать 3D защиту и другие меры безопасности, предлагаемые банками
- Чаще проверять движение денег на своих счетах.

М. ХАЙРБАЕВ, Старший прокурор отдела ФПИ в уголовной сфере Управления Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры РК по области Жетісу

ӨРТТЕН ТАБИҒАТТЫ САҚТАЙЫҚ



Қазір облыс бойынша күніне 5-6 өрт дала өңірінде орын алуда. Өрт сөндірушілерде тыным жоқ. Бір өңірдегі өрт сөндіріліп жатса, басқа маңнан жаңа өрт қылаң береді. Барлық себеп биылғы күннің ыстығында болып тұр. Кей жерлерде 30-35 температураны былай қойғанда, сынап бағанасы 40 градустан да асты. Тамыздың басынан сонау қыркүйектің аяғына дейін табиғат аясында орын алатын өрттің саны бүгінгі күнге қарағанда 2 есеге ұлғаятындығын

жыл сайынғы талдау ақпараттары көрсетіп отыр. Қазір облыстық өртке қарсы қызметінің жеке құрамы күшейтілген жұмыс күніне көшірілген.

Қоршаған ортада туындаған өрттің себептері де әр түрлі. Оған ең бастысы адамның да кінәраты бар десек артық айтпаймыз. Көкке шыққан азаматтардың жаққан оттары сөндірмей кеткендерінен, механизатор, малшылардың немесе көлік жүргізушісінің жол жиегіне өшірмей тастай салған темекі тұқылынан өрт шыққан оқиғалар көп. Бұның барлығы да адамзаттың табиғат-Анаға деген

немқұрайды көзқарасынан туындайтындығы сөзсіз.

Қоршаған ортада орын алған өрттің зияны да ерекше. Біріншіден, ауа ластанса, келесі кезекте өрттің орманға түсу қаупі артады, мал жайылымын, шабындықты құртады. Биолог ғалымдардың айтуынша, өртенген орманның қалпына келуі үшін кемінде 1 ғасыр керек.

Осы жайттар қазіргі күні ӨҚК-н алаңдатуда. Осыған орай көз жетімді жерлердің барлығы автокөлікпен, ал қолжетімсіз жерлердің барлығы орман шаруашылығын қорғаушы мекемесіне қарасты тікұшақпен мамандардың апта сайын облыс аумағын шарлап ұшумен қадағаланып отыр. Барлық мақсат табиғат аясында шыққан жедел өртті анықтап, оны сөндіруге күштерді мерзімді жұмылдыруға арналған.

Құрметті облыс тұрғындары, Жетісу өзінің көрікті табиғатымен, жазиралы даласымен ерекшеленіп, көз тартады. Жер жана-тына саналатын өңірімізді өрттен қорғап, отқа абайлық танытуларыңызды сұраймыз.

Қ. ӘШІМОВ, ТЖБ инженері

ЛЕТНИЙ ОТДЫХ ДЕТЕЙ

Обеспечение пожарной безопасности детских лагерей имеет очень важное значение, так как при возникновении пожаров может быть нанесен не только большой материальный ущерб, но и возникнет серьезная опасность для жизни детей. Поэтому каждый работник детского лагеря обязан знать и строго выполнять установленные правила пожарной безопасности. В случае возникновения пожара в первую очередь он должен принимать все зависящие от него меры по спасению детей, а затем приступать к тушению пожара.

В соответствии с действующим положением и типовыми правилами ответственность за соблюдение противопожарного режима в летних лагерях возлагается персонально на руководителей этих учреждений.

Следовательно, начальник, заведующий, или руководитель учреждения обязаны:

- изучить со всеми работниками лагеря правила пожарной безопасности;
- регулярно не реже 1 раза в месяц проводить беседы на противопожарные темы;
- до прибытия детей разрабо-

тать план эвакуации с четким распределением обязанностей обслуживающего персонала в случае возникновения пожара и согласовать этот план с местной противопожарной службой;

- обеспечить все помещения необходимыми средствами пожаротушения и связи;
- не допускать хранения пожароопасных веществ в помещениях занимаемых детьми;
- осуществлять контроль за правильной эксплуатацией и состоянием электропроводки, электронагревательных приборов и печей;

Отдел по чрезвычайным ситуациям Ескельдинского района уделяют особое внимание за противопожарным состоянием загородных детских оздоровительных учреждений. Но предупреждение пожаров в этих учреждениях в первую очередь зависит от хозяйственных руководителей, организующих оздоровительный отдых детей, от начальников лагерей, заведующих детских дач, пионервожатых, воспитателей и всего обслуживающего персонала.

К. АШИМОВ, Инженер ОЧС

